



САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ ЗИМАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗІРГІ ДӘУІРДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары



ТРУДЫ САЛЫКА ЗИМАНОВИЧА ЗИМАНОВА – ИСТОЧНИК ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ПРАВОВОЙ МЫСЛИ СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ

Материалы международной научно-практической онлайн-конференции

Нұр-Сұлтан
2021



М. С. Нәрікбаев атындағы
КАЗГЮУ Университеті

**САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ
ЗИМАНОВТЫҢ
ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗІРГІ
ДӘУІРДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙДЫҢ
ҚАЙНАР КӨЗІ**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
онлайн-конференция материалдары*

**ТРУДЫ САЛЫКА
ЗИМАНОВИЧА
ЗИМАНОВА – ИСТОЧНИК
ПОЛИТИЧЕСКОЙ И
ПРАВОВОЙ МЫСЛИ
СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ**

*Материалы международной
научно-практической онлайн-конференции*

Нұр-Сұлтан қ. 19.02.2021

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 340
ББК 67
Т78

Редакционная коллегия: Калишева Ж. Г. — к. ю. н., доцент Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева; Когамов М. Ч. — д. ю. н., профессор; Аубакирова И. У. — д. ю. н.; Пен С. Г. — к. ю. н., доцент; Воронков Я.; Бектибаева О. С. — доктор РhD.

Т78 Труды Салыка Зимановича Зиманова — источник политической и правовой мысли современной эпохи: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары, г. Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 19 ақпан / М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті. — Нұр-Сұлтан, 2021. — 180 б.

ISBN 978-601-7538-40-8

Жинаққа 2021 жылы 19 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор, М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің құрметті ректоры Салық Зиманұлы Зимановтың 100 жылдық мерейтойына орай өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылардың материалдары енген. Конференцияға көрнекті мемлекет қайраткерлері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының басшылары, жақын және алыс шетелдердің ғылыми-құқықтық қоғамдастығының өкілдері, С. З. Зимановтың шәкірттері, қазақстандық жоғары оқу орындарының заңгер ғалымдары, М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің және шетелдік жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

В сборник включены материалы участников международной научно-практической конференции, которая прошла 19 февраля 2021 года в день рождения Салыка Зимановича Зиманова — Академика НАН Республики Казахстан, доктора юридических наук, профессора, Почетного ректора Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева и была посвящена празднованию 100-летнего юбилея Академика НАН Республики Казахстан, доктора юридических наук, профессора Салыка Зимановича Зиманова. В конференции приняли участие видные государственные деятели, руководители государственных органов Республики Казахстан, представители научного юридического сообщества стран ближнего и дальнего зарубежья, ученики С. З. Зиманова, ученые-юристы казахстанских вузов, студенты КАЗГЮУ, в числе которых и международные студенты.

УДК 340
ББК 67

ISBN 978-601-7538-40-8

© Университет КАЗГЮУ
имени М. С. Нарикбаева, 2021

МАЗМҰНЫ • СОДЕРЖАНИЕ

Когамов М. Ч. Предисловие	5
Тасмагамбетов И. Н. Приветствие участникам конференции	7
Нарикбаев Т. М. Приветствие участникам конференции от имени Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева	8
Мәми Қ. Приветствие участникам конференции от имени Конституционного Совета Республики Казахстан	11
Абдолла С. Ж. Приветствие участникам конференции от имени Верховного суда Республики Казахстан	13
Тугжанов Е. Л. Приветствие участникам конференции	15
Мусаев Ә. С. Приветствие участникам конференции от имени Посольства Азербайджана в Республике Казахстан	19
Сафинов К. Б. Теоретическая и практическая ценность предложений академика Зиманова С. З. о казахстанском Парламенте	21
Ударцев С. Ф. Пять вершин Академика С. З. Зиманова	28
Когамов М. Ч. Опыт биева суда — как научное наследие С. Зиманова	42
Кулжабаева Ж. О. К вопросу о динамичном соотношении международного и национального права	45
Смагулова Н. Л. О применении ценностей казахского права «Жарғы» и суда биев в современной системе правосудия	55
Чукмаитов Д. С. Феномен академика С. Зиманова в правовой науке и государственном строительстве Казахстана	65
Fehri Gedikli. Некоторые заметки о книге С. З. Зиманова «Казахский суд биев — уникальная судебная система»	70
Ағдарбеков Т. Батырбаев Н. С. З. Зиманов — бүкіл Қазақстандық заңгерлердің ұстазы	72
Жанузакова Л. Т. Ученый и гражданин. К 100-летию академика С. З. Зиманова	78
Нуртаев Р. Т. О методологических аспектах пенитенциарной политики государства	84
Ибраева А. С., Дюсебалиева С. С. Идеи академика Зиманова Салыка Зимановича о праве, справедливости и правовой культуре»	97
Оразбаева А. И. «Ескі би» мен «Жаңа бидің» арасалмағы хақында	103
Тлепина Ш. В. Академик С. З. Зиманов и обычное право казахов. Историография вопроса	112
Дюсебалиева С. С. Приветствие участникам конференции	145
Шаяхметова Ж. Болмысы бөлек ер тұлға	147
Муканова Г. К. Тема национальной идентичности в трудах С. З. Зиманова	151

Кабжанов А. Т. С. Э. Зиманов — основатель казахстанской национальной правовой системы	159
Канатов А. К. Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан (правовой анализ)	168
Даукетова Ж. Б. Биев суд в государствах Центральной Азии	174

Оразбаева А. И.

*Тарих ғылымдарының докторы,
М. В. Ломоносов атындағы
Мәскеу мемлекеттік университетінің
Қазақстандық филиалы
әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының профессоры*

**«ЕСКІ БИ» МЕН «ЖАҢА БИДІҢ»
АРАСАЛМАҒЫ ХАҚЫНДА
(АКАДЕМИК С. З. ЗИМАНОВТЫҢ
100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ)**

Бүгінде «Мәңгілік ел алыбының» біріне айналып, ғылым абызы танылған академик Салық Зиманұлы Зиманов ғасыртойының тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесімен сәйкес келуі, тұлға мен оның қайраткерлігінің ықпалы тиген қоғам жасампаздығының жарасымды да заңды көрінісі іспеттес.

Өзі ғалым ретінде қалыптасқан кеңестік дәуір шеңбер-шектеулеріне қарамастан, ізденістерін сол кезде-ақ пәнаралық деңгейде жүргізген Салық Зиманұлының ғылыми мұрасы – тек заңгерлер емес, тарихшы қауымына да ортақ рухани қазына.

Дей келе, академик еңбектері негізінде, әңгіме басын соңғы кездері ел құлағын елеңдеткен «заманауи билер» мен азаматтық, еңбек, отбасылық құқықтық қатынастарды реттеудің балама нұсқасы ретінде қазақстандық сот жүйесінде рәсімделген «бітімгер-медиатор» қайраткерліктерін қазақ халқының дәстүрлі билер институты өкілдеріне теңеу не олармен салыстыра келе ескі әдет-ғұрып тәжірибелерін жаңғырту, қалпына келтіру бағытындағы қоғамдық бастамалардың оңы мен солы жөніндегі пікір-сайыстар шешіміне ғылыми негіз болар мәселеге қарай бұрсақ...

Шын мәнінде, Өзге атаулының еш дауы жоқ, нағыз қазақи, төл де дара саясиәлеуметтік құрылым, мәдениәлеуметтік құндылықтар қатарындағы дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты жайында сөз қозғалар тұста, ең алдымен, белгілі

бір мәдени үрдіс шеңберінде қалыптасатын билік формасы мен оның табиғаты, тарихи үздіксіздік пен логика, өмір сүру салтының философиясы секілді феномендерге көңіл бөлген абзал.

Сол себепті, талқылауға ұсынылып отырған тақырып төңірегінде ең алдымен назар аударарлық сабақтасты да кілтті ұғымдар: «заман», «адам», «қоғам», «үрдіс», «феномен» болуы шарт.

Кез келген қоғамдық құбылыстың сан-салалы талдамасы оның туындау, пайда болу және әрі қарайғы дамуының ішкі мүмкіншіліктерін байқататын негізгі белгілері айқындалар тұстан басталады десек, болашақ билер институты үшін мұндай белгі — көшпелі қоғамға тән қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығын құрайтын ру-тайпалық құрылым еді.

Өзінің XVIII-ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін билер институты бірнеше эволюциялық даму сатыларынан өтті. Айталық, алдымен, ежелгі көшпелілер заманындағы ақсақалдар кеңесі ру-тайпалық құрылымның өзін-өзі басқарудың қоғамдық тетігі ретінде болашақ бек, би институттарының пайда болуына негізін қаласа, ерте орта ғасырларда бек, билер институты ру-тайпалардың бетке ұстар игі-жақсыларынан құралып, бекзадалық қаған билігі жүйесінде халық тарапынан өкілдік етуші әлеуметтік тетік ролін және орта ғасырларда бекзадалық хан билігінің халық тарапынан қолдау көруін қамтамасыз етуші саяси қызметін атқара бастады. Тек кейінгі орта ғасырлар үшін хандық институтына да тәуелсіз, халықтың қалың топтарынан да дербес билер институты тән болды. Бұл тұстағы билер институтының тарихи функциясы — бір жағынан ру-тайпалық қарым-қатынастарды реттеп отырушы әлеуметтік қызмет, екінші жағынан аристократиялық хан билігі мен демократиялық халық билігін теңдестіріп отырушы саяси тетік ролін атқарумен ерекшеленді.

Аталмыш бағытта жүргізілген авторлық ғылыми зерттелімдер сараптамасы⁵⁹ көшпелі қоғам жағдайындағы сонау көне замандардан бастау алар ғұрыптық сот билігінің бүкіл тарихи тәжірибиесінің жинақталып, саяси-әлеуметтік тиімділігі

⁵⁹ Оразбаева А. И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. — Алматы, Дайк-Пресс, 2004. — 209 с.

барынша жетілдірілген, классикалық түрі тек XVIII-ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты өкілдеріне тиесілі болғандығын растайды. Тап осы кезеңде билер институт-дәстүрі тек қана ғұрып құқығы мен әдет заңдарына ғана емес, сонымен қатар белгілі бір дәрежеде жазба құқықтық жүйеге келтірілген билік шешімдері үлгілеріне арқа сүйеген құқықтық институт деңгейінен көріне алды.

Ал Ресейлік патша үкіметінің қазақ даласында кеңінен жүргізе бастаған саяси-әкімшілік реформалары жағдайындағы жаңа заманда, билер институты негізінен сырттан таңдалған, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік психологиясына жат құқықтық нормаларға балама тұжырымдар ұсыну және көп ретте өз пікірімен санасуға мәжбүр ету арқылы қазақтың дәстүрлі құқықтық сана-сезімін сақтауға тырысып бақты.

Мысалы, С. З. Зиманов 1958 жылы Алматыда жарық көрген «XIX-ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық құрылысы» атты белгілі еңбегінде, қазақ қоғамының трансформациялану үдерісі нәтижесінде бой көрсете бастаған сайланбалы «жаңа билер» мен дәстүрлі қазақ қоғамына тән «ескі билер» арасалмағына қатысты төмендегідей мәліметтер келтіреді.

Орынбор шекаралық комиссия төрағасы генерал-майор М. В. Ладыженский тапсырмасы бойынша құрастырылған статистикалық кесте мәліметтері негізінде, Кіші жүз құрамындағы «сыйлы да құрметті» 25 қазақ санатындағы 12 бидің әрқайсысының кемінде 880 жылқы басынан 4 мың жылқыдан тұрар табын жеке меншігінде болғандығын дәлелдей келе, ғалым былай деп жазады: «Биі владели или распоряжались крупными земельными массивами, на которых кочевали подведомственные им аулы. Вместе с тем они имели обширные участки зимних стоянок и сенокосные луга на правах личной собственности... Биі имели крупные доходы от судебной деятельности. Кроме десятиной части размера иска, которая поступала в распоряжение судьи по закону, биі посредством разного рода ухищрений и вымогательств присваивали львиную долю штрафа, куна. Сверх того, они брали “подарки”, взятки от тяжущихся»⁶⁰.

⁶⁰ Зиманов С. З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. —

1822–1824 жылдарда жарияланған патша әкімшілігінің «Сібір қазақтары туралы» және «Орынбор қазақтары туралы» жарлықтары, ендігі жерде сайланбалы би лауазымын түрлі қолжетімді жолдар арқылы иемдене бастаған «жаңа билердің», табиғи ақыл-парасаты, даналығы және шешен-ділмарлығымен ерекшеленіп, терең тарихи білгірлігімен жұртты қоғамдық өмірдің кесапатты зіл-заласынан қызғыштай қорып, ұлағатымен ел ұстазы бола білген «ескі билерді» біртіндеп ығыстыра бастауына мүмкіншіліктер туғызды.

Ықылымнан қазақтың әдет-ғұрып құқығының басты нормасы болған әділеттілік пен адамгершілік қағидаттарын ұстана отырып, «әділдігімен қара қылды қақ жарған» турашыл да дәстүрлі билер орнына, атына заты сай келмес, білім мен біліктіліктен жұрдай, шала сауатты, қалтасы қалың, ауқатты да сайланбалы билер заманы туғандығын, ғалымның Д. Самоквасов, Д'Андре, А. Гейнс еңбектерінен келтірілер құжаттар да бірауыздан құптайды: «Новые бии, у которых были большие стада, но малые знания, как судьи и как руководители кочевых коллективов были весьма неискусны. Это порою приводило к тому, что рядовые кочевники под воздействием и при поддержке родовитых биев игнорировали “новых”»⁶¹.

Көшпелі қазақ қоғамындағы билер институтының себеп-салдарлы талдамасы, халық ауыз әдебиетінің аса құнарлы әрі құнды үлгілерінсіз мүмкін емес. Десек, сөзге тиек болып отырған жаңа заманның жаңа билері хақында академик зерттеуінде келтірілер төмендегідей мақал-мәтел нұсқалары аталмыш лауазым иелерінің дәстүрлі билермен арасалмақ айырмашылықтарының жер мен көктей екендігіне көз жеткізе түскендей:

«Жеті атасы би болған — жеті жұрттың қамын жер, кенеттен би болған — құлақ, миын, жағын жер»;

«Мал бақпаған мал бақса, жайламаған тай қоймас. Би болмаған би болса, билемеген ел қоймас»;

«Соқырдан қарауыл қойсаң, еліңді жауға алдырар. Білмес наданды би қойсаң, жұртыңды дауға алдырар»;

«Жаңа биден билік сұрама, жаңа байығаннан қарыз сұрама».

Дегенмен, бұл жерде Салық Зиманұлының фольклорлық деректердегі мәліметтерді сыни талдаудан өткізу қажеттілігі жайлы ескертуін назарда ұстай отырып, ауызша тарих айту дәстүрі үлгілеріндегі қазақ билері қайраткерлігінің асыра сілтеу не керісінше кемсіте көрсетілу мүмкіншіліктерін де естен шығармауымыз қажет.

Билердің қоғамдық қатынастар жүйесінде алар орнын нақтылай келе, С. З. Зиманов өз еңбегінде олардың келесі бір ерекшелігіне баса назар аударады: «Они (бии — А. О.) не находились вне казахских родов, как султаны. Они выросли из недр общин, явились их членами и более близко стояли к населению, чем султаны. Каждое родовое отделение имело одного или нескольких биев, которые ведали как внутренними, так и внешними делами коллектива»⁶².

Анығында, ақсүйек тұқымы саналар сұлтандармен салыстырғанда, С. Зиманов тұжырымша «қоғамдық құрылымда олардан бір саты төмен орналасқан ру шонжарлары» — билер, қазақи көшпелі қауымның өз ортасынан шыққан ру-тайпа игі-жақсыларын құрады. Дәстүрлі билердің саяси ықпалы олардың сан жағынан басымдылығымен қатар, қарамағындағы рулардың қуаттылығымен анықталып отырды. Қазақ ұлыстарында дәстүрлі билер ерекше құқыққа ие болды: олар сот, әкімшіліктік және әскери билікті іс жүзіне асыра, сұлтандармен қатар жалпы мемлекеттік басқару істеріне араласып отырған.

Мемлекеттің саяси және әлеуметтік құрылымының ғұрыптық құқық негізінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші бірден-бір әлеуметтік құрылым ретінде билер институты қоғамдық күштердің арасалмағын теңдестіруші тетік ролін атқарып, қоғам дамуындағы бүкіл саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеп отырған. Сонымен бірге, қазақ қоғамындағы билер институтының ерекшелігі, оның мемлекеттік басқару институттарымен тығыз байланыса келіп, билеушілер мен бұқара халықтың белгілі бір саяси-әлеуметтік құндылықтар төңірегінде топтасуын қамтамасыз етуімен

⁶² Зиманов С. З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. — Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1958. — 296 с. — С. 200.

сипаттала алады. Яғни, билер институтының дәстүрлі қазақ қоғамындағы тарихи қызметі негізгі үш саланы қамтыды деуге толық негіз бар⁶³:

Біріншіден, қоғам ішіндегі көлбеу қарым-қатынастарды реттеуші әлеуметтік құрал — бұл билер институтының әлеуметтік өлшемі;

Екіншіден, қоғам мен оның мемлекеттік жүйесі арасындағы жоғарылы-төменді қарым-қатынастарды реттеуші саяси құрал — бұл билер институтының саяси өлшемі;

Үшіншіден, қоғамының дәстүрлі рухани мәдениетін сақтауды, жаңғыртуды және одан әрі дамытуды қамтамасыз етуші мәдени және рухани құрал — бұл билер институтының идеологиялық өлшемі.

Көріп отырғанымыздай, көшпелі тұрмыс-тіршілік үрдісіне сүйенген дәстүрлі қоғам жағдайындағы қазақтың билер институты — мұрагерлік заңына негізделген бекзадалық билік, хандық институтына қарағанда, халықтың қайнаған ортасының өзі тарихи қалыптастырып шығарған демократиялық билік тұтқасы ретінде бағаланар институт-дәстүр болса, халық арасында би атаулының абыройы қалмай, аталмыш лауазым ауқатты «іскерлер» қауымының экономикалық атрибутына айналған, табиғаты жасанды жаңа жүйе жағдайында: «Одни бии, особенно те, которые это звание получили благодаря своему богатству начали заниматься чисто административной деятельностью, а другие, которые были, так сказать, биями по “призванию”, — судебной деятельностью»⁶⁴.

Яғни, табиғи орта мен оған бейімделе дамыған көшпелі қоғам ерекшеліктеріне икемді, ғасырлар бойы жинақталған ұжымдық тәжірбие үлгісі ретінде ұстанар дәстүр мен қағазға түсіп, тасқа қашалмағанмен ел жадында сақталған заң-жоралғыны басшылыққа алып, атадан балаға мирас қалған рухани, әлеуметтік-мәдени құндылық-қасиеттерді қастерлеуге негізделген дәстүрлі қоғам жағдайында, бір басына қатарынан:

⁶³ Оразбаева А. И. Қазақ даласына тән дәстүрлі билік және билер институты // Әз Төле би (Төле бидің 350 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары) / Н. Қапалбекұлы, М. Қазыбек, М. Қожакеев. — Алматы, 2013. — 421 б. — Б. 113–132.

⁶⁴ Зиманов С. Э. Общественный строй казахов первой половины XIX века. — Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1958. — 296 с. — С. 199.

дала аристократия өкілі, әкімшілік тұлға әрі әскер басы, төреші әрі заңгер, елші әрі идеолог қайраткерліктерінің жүгін арта, тарихи жауапкершілігін арқаланған ескі билер және тарихи уақыт өлшемі бір-біріне іргелес орналасқанымен, әлеуметі мен әлеуеті түбегейлі өзгеріске ұшыраған, өзегіне өзге жабысқан бұралқы қоғамның жаңа билерінің арасалмақ алшақтығы тайға таңға басқандай айқын екендігі даусыз.

Дер болсақ, «тумасаң да ұқсап бақтың» керіне салып, ата-баба мұрасын жандандырамын деп қанша жанталасқанмен, бүгінгі заман мен оның талабы, адамы мен қоғамы, мақсаты мен мүддесі мүлдем бөлек, қайраткерлігі кешегі жауапкер руласы үшін жан беруге даяр қазақ емес, бір-бірінен діні мен ділі бөтен көпұтты қазақстандықтарға бағытталған «заманауи билер» мен бітімгер-медиатор мамандар кешегі билердей бола қояр ма екен және де оған, нендей қажеттілік бар?! — деген сауалдар өзінен өзі туындайды.

Адамның уақыт, қаражат, күш-қуатын үнемдеу мақсатында ұйымдастырылған батыс елдерінің тәжірбиесі ретінде бүгінде күллі әлемге таралып-танылған медиация үдерісінде: дау-дамайды шешу барысында қолданылар еркіндік, бейтараптық, тәуелсіздік қағидаттары мен дауласушы екі жақты қанағаттандыра тәуекелге қол жеткізу әдістерін тәжірбие түрінде пайдалану, сот саласындағы аталмыш заманауи институтын атам заманғы қазақ қоғамындағы билер институтымен салыстыруға жеткілікті негіз бола алмайды.

Сонымен қатар, айналасындағы азын-аулақ ауыл маңына абыройлы да жанашыр азаматтардың, жергілікті басқару ісіне араласып, ел ішінде туындап жатар даулы мәселелерді өз бетінше шешуге деген талпынысы мен тигізер қолғабысы неліктен олардың қоғамдық белсенділігін міндетті түрде «би» ретінде арнайы сайлап, лауазымын рәсімдеу арқылы ынталандырылуы қажет екені түсініксіз... Қазіргі заманда қанша жерден ашық түрде «би» қызметіне сайланып, ел аңсаған халықтық демократия нышаны болуды көздегеннен, заманауи мазмұнына жасанды пішін қисыны қонар ма екен?..

Әрине, құқықтық мәдениет ұштағаны іспеттес: Сөз-Билік-Заң секілді құндылықтар құдіретін бірдей ұштастыра білген қазақ билерінің үлгісі қоғамымызда іргелі түде кеңінен

насихатталып жатса, нұр үстіне нұр. Әйтсе де, кешегі, бас қаруы – өткір де шешен Сөз, әдісі – Ақыл, шешімі – Әділ, құраны – Дәстүр мен Әдет-ғұрып, ұраны – Бірлік болған дәстүрлі билер, таза ғылыми тұжырымдамалар тұрғысынан қарастырғанда, бүгінде бар болғаны «этнографиялық материал» ретінде бағалана алар, тарихтың тұңғышына келмеске кеткен дәстүрлі қазақ қоғамының өркениеттік ерекшеліктерінің ғайып елесі.

Дегенмен, Мәшһүр бабамыз бағаланымындағы «құдай-дан ғылым нұры көңіліне құйылған» ғылымхал жан, сыртқы «болдысы» мен ішкі болмысының табиғи үндестігі жарасқан, салиқалы сөзімен ғалым атаулы алқалы қауымға үлгі болар, дара жолды, абыз-академик Салық Зиманұлы ғылыми әлемінің діңгегіне айналған қазақ билері – қай заман, қай қоғамда болмасын өзектілігін жоғалтпас, ел мен ерлердің береке-бірлігі, отансүйгіштік, азаматтық, ерлік, ақыл-парасаттылық, ар-ұжданға тәуелділік тәрізді этикалық маңызы еш жоғалмайтын жалпыадамзаттық құндылықтар қатарынан табылар феномен екені хақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зиманов С. З. *Общественный строй казахов первой половины XIX века.* – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1958. – 296 с.
2. Оразбаева А. И. *Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 209 с.
3. Оразбаева А. И. *Қазақ даласына тән дәстүрлі билік және билер институты // Әз Төле би (Төле бидің 350 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары) / Н. Қапалбекұлы, М. Қазыбек, М. Қожакеев.* – Алматы, 2013. – 421 б. – Б. 113–132.